

№33 (20 898)
21 тамыз,
2025 жыл, бейсенбі



Атырау

Облыстық қоғамдық-саяси газет

- Instagram: Atyrau.gazeti
- Email: atyrau_gazeti@mail.ru
- Facebook: Атырау газеті
- Website: www.atr.kz
- «Атырау» газеті
- Telegram: atyrau_gazeti
- YouTube: Atyrau_news
- Атырау жаңалықтары

**Баға белгілеу*

ТАРИФ қалай есептеледі?

ТҮСІНІКСІЗ!...



ОБЛЫСТА ЭЛЕКТР ҚУАТЫНЫҢ БАҒАСЫ БИЫЛ 1 ҚЫРКҮЙЕКТЕН БАСТАП ҚЫМБАТТАУЫ МҮМКІН. ӨЗГЕРІС ЗАҢДАҒЫ ЖАҢА ТАЛАПТАР МЕН ӨНДІРІСТІК ШЫҒЫНДАРДЫҢ КҮРТ ӨСУІНЕН ТУЫНДАП ОТЫР. БҰЛ ТУРАЛЫ «АТЫРАУ ЖАРЫҚ» ЖШС-НІҢ ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТТЕУ КОМИТЕТІНІҢ ОБЛЫСТЫҚ ДЕПАРТАМЕНТІНЕ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН БӨЛШЕК САУДАДА ӨТКІЗУДІҢ ШЕКТІ БАҒАСЫН АЛДАҒЫ УАҚЫТТА КӨТЕРУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫСЫ НЕГІЗІНДЕ ҰЙЫМА АСТЫРЫЛАҒАН ЖАРИЯ ТЫНДАУЛА АЙТЫЛАДЫ



**Спорт*

Спортшылар енді жаяу жүрмейді



Спорт күніне орай жағымды жаңалық: облыс әкімдігі өңірдегі қала және аудандарда орналасқан 18 спорттық ұйымға заманауи автобустардың кілтін табыстады.

(Толығырақ 8-бетте)

**Жұмысшы мамандықтар жылы*

«Жұмыс сұрасаң, тәжірибе сұрайды»

Жуырда ұйымдастырылған жұмыс жәрмеңкесі жас мамандарға үміт сыйлап, еңбек нарығындағы нақты ахуалды көрсетті. 200-ге жуық бос жұмыс орны ұсынылған шара – жастар мен жұмыс берушілер арасындағы алтын көпірге

Архивтік анықтамалардың маңызы

ҚОҒАМДА АЗАМАТТАР МЕН ҰЙЫМДАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУДЕ АРХИВТІК ҚҰЖАТТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН РЕСМИ МӘЛІМЕТТЕР ҮЛКЕН РӨЛ АТҚАРАДЫ. ОСЫНДАЙ МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТТАРДЫҢ БІРІ – АРХИВТІК АНЫҚТАМА. АТЫРАУ ОБЛЫСЫ МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВІНІҢ БАСЫМ БАҒЫПТАРЫНЫҢ БІРІ «АРХИВТІК АНЫҚТАМАЛАР, АРХИВТІК ҚҰЖАТТАРДЫҢ КӨШІРМЕЛЕРІ ЖӘНЕ АРХИВТІК ҮЗІНДІЛЕРІН БЕРУ» МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ ТҮРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Қазіргі күні мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы №159 бұйрығымен бекітілген «Архив ісі саласында мемлекеттік қызметтер көрсету» қағидаларына сәйкес архив кеңсесі, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы КЕ АҚ және «Электронды үкімет» порталы (www.egov.kz) арқылы жүргізіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету халық пен архив арасындағы негізгі байланыс арнасы болуымен ерекшеленеді. Азаматтардан келіп түскен архивтік сұраныстар, өтініштер тіркеліп, қор құжаттарындағы деректер, мәліметтер зерттеледі. Құжаттар негізінде ресми анықтамалар, көшірмелер немесе үзінділер дайындалып, мемлекеттік қызметті алушы -жеке және заңды тұлғаларға ұйымның хат бланкісінде беріледі.

Мемлекеттік қызмет заңды және жеке тұлғаларға еңбек өтілін, жалақы мөлшерін, отбасы құрамын, білімін, зейнетақы жарналары мен әлеуметтік төлемдердің аударымы, ғылыми дәрежелері мен атақтарының берілуі, өзге де сұраныстарын растау бойынша көрсетіледі. Аталған сұраныстар архив мекемесіне алыс-жақын шет елдерден де толассыз түсіп жатады.

2024 жылдың екінші жартыжылдығында 754 архивтік сұранысты орындаса, 2025 жылы екінші жартыжылдығында 986 архивтік сұраныс түсіп, жауаптары уақытылы берілді.

Архив кеңсесіне келіп түскен әлеуметтік-құқықтық

сұраныстар 11 жұмыс күнінде қаралады. Егер «Архивтік анықтама, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет сұратылған мекеме облыстық архивіне сақталмаған құжат болса, 3 (үш) күн ішінде, одан әрі қарау үшін басқа қалалық, аудандық филиалдарға жолданады. Бұл ретте, сұраныс берушіге бұл туралы хабарланады. Мемлекеттік қызмет электрондық немесе қағаз түрінде ақысыз негізде көрсетіледі. Ал, сұраныс үшінші тұлға арқылы келген жағдайда, міндетті түрде нотариалды куәландырылған сенім хат немесе туыстық қатынасты растайтын құжат болуы қажет.

Мемлекеттік қызмет көрсету – архив мекемесінің ашық, қызмет көрсетуші бағыты. Бұл бөлімнің тиімді жұмысы азаматтардың құқықтарын қорғауға, мемлекеттің ақпараттық ашықтығын қамтамасыз етуге және архивтің беделін арттыруға ықпал етеді.

Атырау облысы мемлекеттік архиві тарапынан жыл сайын қыркүйек айында «Ашық есік» күні ұйымдастырылады. Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе

архивтік үзінділер беру мемлекеттік қызметін электрондық түрде алуға болатын «Өзіне-өзі қызмет көрсету» бұрышы жұмыс істейді. Сұраныс беруші архив кеңсесіне келіп, жеке куәлігі мен электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦК) арқылы сұраныс жібере алады. Бұл халықтың уақытын үнемдеп, қолжетімді мемлекеттік қызмет алуына жол ашады.

Сонымен бірге ресми әлеуметтік желілер арқылы халыққа түсінікті болу үшін «Архивтік анықтама алуға болады» атты инфографика мен бейнеролик жарияланып, ақпараттандырылу жолға қойылды.

Сапалы мемлекеттік қызмет көрсету бүгінде мемлекет дамуының басым бағыты болғандықтан, архив саласында халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметті одан әрі жақсарту, деңгейін көтеру архив саласы мамандары үшін негізгі міндет болып қала бермек.

Гүлзада ҒАБДУЛЛИНА,
Атырау облысы мемлекеттік
архиві мемлекеттік қызмет көрсету
бөлімінің архивісі

«Атырауспецтранссервис» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, Атырау облысы, Атырау қаласы, Бесікті ауылы, Нұржан Қабдолов көшесі, 100, орта мектеп-интернаты ғимаратында, 2025 жылғы 24 қыркүйек, сағат 15:00-де, «Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласының қала маңындағы «АСТС» саз кен орнын игерудің тау-кен жұмыстары жоспарына» Қоршаған ортаны қорғау бөлімі. ҚОҚШ, ӨЭБ,ҚБЖ, ШШС.

Геологиялық бөлу координаттары: СЕ 47°18'49,89», ШБ 52°03'01,40»

Аумағына ықпал ету мүмкін болатын және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Атырау облысы, Атырау қаласы, Бесікті ауылы.

ZOOM платформасында онлайн режимінде қосылу үшін сілтеме:

Zoom <https://us04web.zoom.us/j/5984402741?pwd=WWMwOThkWWRWUzMwTWg0dTN1Q2VTZz09>. Жеке конференцияның идентификаторы: 598 440 2741. Кіру коды: 677118.

Жобалық құжаттамамен бірыңғай экологиялық порталда <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings>, сондай-ақ Атырау облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru> орналастырылған.

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайы және пошталық мекенжайы: «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 060011, Атырау облысы, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77, e-mail: ga.arystanova@atyrau.gov.kz / Тел.: 8 (7122) 32-55-09, БСН 050140002850.

Тапсырыс беруші: «АТЫРАУСПЕЦТРАНССЕРВИС» ЖШС. Атырау облысы, Атырау қаласы, З. Кабдолов даңғылы, 54 А, БИН 020940002666.

Орындаушы: «GBR PROJECT» ЖШС. Атырау облысы, Атырау қаласы, Сарықамыс-2 ш.а., 14 көше, 37 үй. БИН 190940023028, эл. мекенжай: smagulov-r@mail.ru, тел.: 87017455732.

Қосымша ақпаратты мына эл. мекенжай бойынша алуға болады. asts.1p@mail.ru және 87017455732 номері бойынша хабарласуға болады.

«АтырауСпецТрансСервис» ЖШС жобадағы қоғамдық пікірталастар арқылы жалпы тыңдаулар өткізеді: «Атырау облысы, Атырау қаласының қала маңындағы ауданындағы АСТС кен орнының сазды жыныстарын өндіру бойынша операциялардың салдарын жоюдың болжамды құнының есебі» жоспарына қоршаған ортаны қорғау бөлімі.

Жергілікті атқарушы орган: «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Экологиялық реттеу бөлімі, басшысы, тел: 8 (7122) 32-55-09. ҚОҚ бөлімі бойынша ескертулер мен ұсыныстар: atr.priroda@atyrau.gov.kz электрондық мекенжайға қабылданады.

Жобалық құжаттамамен <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Disscusion/DisHearings/> Бірыңғай экологиялық порталында және «Атырау облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Жария талқылаулар 28.08.2025 ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде Бірыңғай Экологиялық портал сайтында өтеді. Барлық ескертулер мен ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда көрсетілген мерзімде қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Тапсырыс беруші: «АТЫРАУСПЕЦТРАНССЕРВИС» ЖШС. Атырау облысы, Атырау қаласы, З. Кабдолов даңғылы, БИН 020940002666, эл. адрес gulsim81@list.ru. Тел.: 87017455732.

Орындаушы: «GBR PROJECT» ЖШС. Атырау облысы, Атырау қаласы, Сарықамыс-2 ш.а., 14 көше, 37 үй. БИН 190940023028, эл. адрес: smagulov-r@mail.ru, тел.: 87013670584.

Ұсынылған қызмет туралы қосымша ақпаратты қоғамдық тыңдаулар кезінде алуға, сондай-ақ ұсынылған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін environment@nss.kz электрондық поштасы арқылы сұратуға болады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Төбеарал Ойл» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес Құрманғазы ауданы, Мақаш а.о., Алға а., «Шабыт» мәдениет үйі ғимаратында 2025 жылы 29 қыркүйек, сағат 11:00-де «Төбеарал кен орнын игеру жобасына қосымшаға» ықтимал әсер ету туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Zoom Конференция:

<https://us06web.zoom.us/j/88956541953?pwd=3aDJOCZO7fDmb1BRHQbpXerVaNh7OA.1>

Конференция идентификаторы: 889 5654 1953, кіру коды: 927064.

Ашық жиналыс нысанындағы қоғамдық тыңдауды үйлестіруге жауапты орган:

ЖАО Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, эл. пошта: atr.priroda@atyrau.gov.kz, тел.: 8 (7122) 325509.

Жобалық құжаттама топтамасымен ақпараттық жүйе: <https://ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/press/news/1?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар тыңдаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей келесі электрондық мекенжай бойынша қабылданады atr.priroda@atyrau.gov.kz және <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында.

Қосымша ақпаратты төмендегі электронды мекенжай бойынша алуға болады:

zh.kalemova@kaznigri.kz, тел.: 8(7122)763090-217.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Төбеарал Ойл» ЖШС, Атырау қаласы, Самал ы.а., №21, 2 үй, БСН: 021140000247, эл. пошта: alenov_marat@mail.ru, Аленов М. тел.: 87477322825.

Жобаны жасақтаушы КазНИГРИ ЖШС, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 43А, БСН 991240001478.

Қосымша ақпаратты төмендегі электронды мекенжайлар бойынша алуға болады: Zh.kalemova@kaznigri.kz, тел.: 8 (7122) 76-30-90 (217).